

«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Басқармасының 2024 жылғы  
«20» қарашадағы хаттамасына  
(№ 43 хаттама)  
№ 1 қосымша

«Қазақстан халқына» Басқармасының  
2024 жылғы «20» қараша № 43  
шешімімен «БЕКІТІЛДІ»

«Қазақстан халқына» Қоғамдық қорына жаңа бағдарламаны/жобаны әзірлеу  
бойынша келіп түскен өтінімдерді қарау жөніндегі комитет туралы  
ЕРЕЖЕ

Астана қ., 2024 жыл



**МАЗМҰНЫ**

<b>1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....</b>	<b>1</b>
<b>2. КОМИТЕТТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ.....</b>	<b>1</b>
<b>3. КОМИТЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....</b>	<b>1-2</b>
<b>4. КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ .....</b>	<b>2</b>
<b>5. КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ .....</b>	<b>2-3</b>
<b>7. КОМИТЕТ ОТЫРЫСТАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ .....</b>	<b>3</b>
<b>8. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ .....</b>	<b>3</b>
<b>9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ .....</b>	<b>3</b>
<b>10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>	<b>3</b>



## 1. Жалпы ережелер

2. «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорына жаңа бағдарламаны/жобаны әзірлеу бойынша келіп түскен өтінімдерді қарау жөніндегі комитет туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы 26 наурыздағы шешімімен (№54 хаттама) бекітілген Қордың қайырымдылық көмек көрсету ережелеріне, сондай-ақ Қор Жарғысының 6.8-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Комитеттің, отырыстарды өткізудің құрамын, мәртебесін, қызмет тәртібін, құзыреті мен функцияларын, сондай - ақ «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорына жаңа бағдарламаны/жобаны әзірлеу бойынша келіп түскен өтінімдерді қарау жөніндегі Комитет мүшелерінің жауапкершілігін айқындайды (бұдан әрі - Комитет).

3. Комитет Қорды басқарудың консультациялық-кеңесші органы болып табылады және ол:

- Қор қызметінің бекітілген бағыттарына сәйкес келетін жаңа бағдарламаны/жобаны әзірлеуге келіп түскен өтінімдерді қарау;

- құзыреті шегінде қорытынды дайындау;

- кешенді талдауды пысықтау, бағытты, реттілікті, жүйелілікті, өзектілікті зерделеу, әлеуетті бағдарламалардың/жобалардың тұрақтылығын бағалау мақсатында Комитет мүшелері арасында дайындалған қорытындыларды алдын ала талқылау;

- Қор Басқармасының отырысына қорытынды шығару мақсатында құрылады.

4. Комитет қараған өтінімдер еркін нысанда қорытынды түрінде ресімделеді және оған Комитеттің барлық мүшелері қол қояды.

5. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың жарғысын, Қор тұжырымдамасын және Қордың өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

## 3. Комитеттің құзыреті мен өкілеттігі

6. Комитеттің жұмысы құзыреті шегінде өтінімдерді алдын ала қарау, талдау және қорытындылар дайындау арқылы Басқармаға жәрдемдесуге бағытталған.

7. Өтінімдерді қарау шеңберінде Комитетке мынадай өкілеттіктер беріледі:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салулар, хаттар мен өтініштер жіберу;

2) Басқарма мүшелерінің қатысуынсыз ұйымдастыру мәселелерін дербес шешуге, отырыстардың жоспарларын, кестелерін және өзге де мәселелерді бекіту;

3) мәселелерді зерделеу мақсатында ресми интернет-ресурстарды еркін пайдалану;

4) Қордың бекітілген ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасау;

5) өтінімдерді қарау кезінде проблемалық мәселелер туындаған жағдайда қызметтік жазбаны жіберу арқылы Қордың Басқарма төрағасына тікелей жүгіну.

8. Қордың Басқарма төрағасының тапсырмасы бойынша Комитет Қор қызметі шеңберінде өзге де өкілеттіктер мен функцияларды орындай алады.

## 4. Комитеттің құқықтары мен міндеттері

9. Комитетке белгіленген тәртіппен келесі құқықтар беріледі:

1) Қордың құрылымдық бөлімшелерінен және ішкі аудит қызметінен құжаттарды, есептерді, түсініктемелерді және басқа да ақпаратты сұрату.

2) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің және ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін шақыру;

3) келіп түскен өтінімдерді бақылауға қатысу;

4) Комитет қызметіне қатысты құжаттардың жобаларын әзірлеу және Қор Басқармасына бекітуге ұсыну, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

5) Комитет отырыстарын өткізу және комитет отырысының күн тәртібіндегі мәселелерді қарау;

6) Комитет құзыреті шеңберінде Қор қызметкерлерінен Қор қызметіне қатысты ақпаратты сұрату және алу;



7) Басқармаға тәуелсіз консультанттарды (сарапшыларды) тарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

10. Комитет:

1) өз қызметін Қор мүддесінде жүзеге асыруға;

2) Басқармаға өз қызметі туралы хабарлауға;

3) жылына кемінде бір рет Басқарма алдында өз жұмысының нәтижелері туралы есеп беруге міндетті.

11. Комитет мүшелері:

1) Қордың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өз құқықтары мен құзыреті шегінде әрекет етуге;

2) Қор істеріне қатысты ақылға қонымды, адал, тиісті қамқорлықпен әрекет етуге;

3) жекелеген лауазымды және басқа да адамдардың емес, тұтастай Қордың мүддесі үшін әрекет етуге;

4) Комитет отырыстарына қатысуға;

5) өз міндеттерін орындау барысында оларға белгілі болатын барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға;

6) Өз құзыреті шегінде және осы Ережеде көзделген тәртіппен Қордың Басқарма төрағасы айқындауы мүмкін кез келген басқа да міндеттерді орындауға;

7) негізсіз шешімдер мен ұсынымдар қабылдауға жол бермеуге, Комитет мүшесінің шешіміне қатысты негізді ұстанымы қалыптаспаған мәселелер бойынша дауыс беруден қалыс қалуға;

8) Комитет төрағасын мәселені шешуге жеке мүдделілігінің бар екендігі туралы хабардар етуге міндетті.

## 5. Комитеттің құрамы және оны қалыптастыру тәртібі

12. Комитеттің құрамы Қор Басқармасының шешімімен айқындалады. Комитет мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс.

13. Комитеттің дербес құрамы Қор Басқармасының отырысында бекітіледі. Комитет құрамындағы өзгерістер Қор Басқармасының шешімімен айқындалады және бекітіледі.

14. Комитет құрамына төраға, Басқарма мүшелері кіре алмайды.

15. Комитет өз қызметін Қор Басқармасының шешіміне сәйкес тоқтатады.

## 6. Комитет төрағасы

16. Комитет төрағасы Талдау және болжау орталығының басшысы болып табылады.

17. Комитет төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы немесе Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы басшыларының бірі жүзеге асырады.

18. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, атап айтқанда:

1) Комитеттің жұмыс кестесін әзірлейді және бекітеді, Комитеттің қорытындылары мен тапсырмаларының орындалуын бақылайды;

2) Комитет мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Комитет отырыстарын өткізу нысанын айқындайды және күн тәртібін бекітеді;

3) Комитеттің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

4) Комитет отырысына қатысу үшін шақырылатын адамдардың тізімін айқындайды;

5) Комитет мүшелері арасында міндеттерді бөледі және мәселені терең зерделеуге және қаралатын өтінім бойынша сапалы қорытындылар дайындауға байланысты Комитет мүшелеріне тапсырмалар береді;

7) жылына кемінде бір рет Комитет жұмысының нәтижелері бойынша Қор басқармасына есеп береді;

8) Комитет өкілеттігі шеңберінде өзге де қажетті функцияларды орындайды.



## **7. Комитет отырыстарын өткізу тәртібі**

19. Комитет айына кемінде екі рет тұрақты бетпе-бет отырыстар өткізеді. Сондай-ақ Комитет төрағасының шешімі бойынша Комитеттің кезектен тыс күндізгі отырыстары шақырылуы мүмкін.

20. Комитет отырысын шақыру туралы хабарламаны Комитет хатшысы Комитет мүшелеріне пошта, электрондық немесе өзге де байланыс арқылы тиісті отырыс өткізілетін күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

## **8. Комитет мүшелерінің жауапкершілігі**

21. Комитет мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру нәтижесінде келтірілген залал үшін Қор Басқармасының алдында жауапты болады.

## **9. Құпиялылық**

22. Комитет мүшесінің міндеттерін атқару кезеңінде және Комитеттің бұрынғы мүшелері Комитеттегі қызметіне байланысты алатын/алған ақпараттарына қатысты құпиялылықты сақтауға міндетті.

## **10. Қорытынды ережелер**


23. Осы Ережеге толықтырулар мен өзгерістерді (жаңа редакцияда қабылдау) Қор Басқармасы бекітеді.

24. Егер осы Ереженің нормалары Қор Жарғысының нормаларына немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келген жағдайда, мұндай нормалар қолдануға жатпайды.

25. Осы Ережеде айтылмаған барлық жағдайларда Қор Жарғысының ережелері және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының нормалары қолданылады.

---





«Қазақстан халқына» ҚҚ  
Басқармасының 2024 жылғы  
«20» қарашадағы № 43 хаттамасына  
№ 2 қосымша

**«Қазақстан халқына» Қоғамдық қорына жаңа бағдарламаны/жобаны  
әзірлеу бойынша келіп түскен өтінімдерді қарау жөніндегі комитетінің  
дербес құрамы**

<b>№</b>	<b>Т. А. Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>
1	Серикбек Кенесбекович Елшибеков	Талдау және болжау орталығының басшысы - Комитет төрағасы
2	Нұрсұлтан Ибрагимұлы Әлібек	Талдау және болжау орталығының жоба менеджері - Комитет хатшысы
3	Гульзия Каирбаевна Бидатова	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының басшысы
4	Бауржан Ергазинович Оразғалиев	Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығының басшысы
5	Гульнара Зиятаевна Абдульманова	Өтінімдер мен өтініштерді қарау бөлімінің бастығы
6	Чингиз Баймухаметович Шарапиев	Стратегиялық жоспарлау және донорлармен өзара іс-қимыл жасау бөлімінің бастығы
7	Сабит Айдарбекович Калиев	Заң қызметі басшысы